

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне берілетін әлеуметтік көмектік мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Таран ауданы әкімиятының 2002 жылғы 15 қазандағы № 197 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2002 жылғы 5 қарашада № 1855 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімиятының 2003 жылғы 8 желтоқсандағы № 322 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімиятының 08.12.2003 № 322 қаулысымен.

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 Заң күші бар Жарлығының 20 бабына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына сәйкес, Таран ауданының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне (ай сайын) 230 теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек ретінде жыл сайынғы әлеуметтік қорғау жөнінде қосымша шара белгіленсін.

2. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне әлеуметтік көмек тағайындаудың және төлеудің ұсынылып отырған тәртібі туралы ережелер б е к і т і л с і н .

3. 2001 жылғы 8 ақпандағы № 20 "2001 жылға арналған Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне берілетін атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу туралы" аудан әкімі шешімінің күші жойылсын.

4. Аудандық еңбек, жұмыспен және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы осы ережені орындауды жүзеге асырсын (Л.Г. Өтешева).

5. Аудандық қаржы басқармасы (В.С. Пирог) Ұлы Отан соғысының әлеуметтік көмекті аудандық бюджетте қажеттік қаражат көздесін.

6. Қаулының орындалуына бақылау жасау Таран аудан әкімінің орынбасары М.А. Исенбаевке жүктелсін.

Аудан әкімі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ о с т а н а й о б л ы с ы
Т а р а н а у д а н ы ә к і м и я т ы н ы ң

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне әлеуметтік көмек тағайындау және төлеудің тәртібі туралы Ережелер

Осы Ережелер Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 Заң күші бар, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Жарлығының 20 бабына сәйкес әзірленді.

I. Жалпы ережелер

Осы Ережелер Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне әлеуметтік көмек көрсетуді реттейді.

II. Әлеуметтік көмекті тағайындау тәртібі

1. Әлеуметтік көмек өтініш негізінде көрсетіледі.
2. Әлеуметтік көмек тағайындау туралы өтінішті оны алуға құқығы бар адам, тұратын жері бойынша, аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына (бұдан әрі уәкіл органы) береді.
3. Әлеуметтік көмек сұраушы белгіленген үлгі бойынша әлеуметтік көмекті тағайындау туралы өтініш береді.
4. Әлеуметтік көмек тағайындау үшін өтінішті қарауды әлеуметтік көмек тағайындау комиссия 10 күндік мерзімде асырады.
5. Әлеуметтік көмек тағайындаудан бас тарту дәлелді болған жағдайда бұл туралы өтініш берушіге жазбаша хабарлайды.
6. Әлеуметтік көмек өтініш берілген айдан есептеледі.
7. Берілген ақпаратты растағанына өтінішті қабылдаған тұлғалар толық жауап береді. Ақша төленгеннен ақпараттың рас еместігі, не басқа заң бұзушылық анықталса, заңсыз төленген сома Заңмен белгіленген тәртіп бойынша, кінәлі тұлғадан өндіріліп алынады.

III. Әлеуметтік көмекті төлеу

8. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне әлеуметтік көмекті төлеу аудандық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.
9. Уәкіл органы комиссияның шешімі негізінде әлеуметтік көмек

тағайындалған азаматтардың тізімін жасап, ай сайын қаржыландыруға аудандық қаржы бөліміне өтінім ұсынады.

10. Әлеуметтік көмекті төлеу Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің тиісті банкілік операцияларына лицензиясы бар, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамамен белгіленген тәртіпте анықталған мекемелер арқылы жүзеге асырылады.

11. Әлеуметтік көмекті төлеу уәкіл органы ұсынған тізімдеріне сәйкес өткен ай үшін төленеді.

12. Әлеуметтік көмек алушының қайтыс болған уақытынан тоқтатылады.

IV. Әлеуметтік көмек төлеуге бақылау жасау

13. Уәкіл органы ай сайын АХАТ органдарынан әлеуметтік көмек тағайындалғандардың қайтыс болған жағдайларын тіркеу туралы мәлімет сұратып отырады.

14. Уәкіл органы ай сайын зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан Қазақстан Республикасынан, облыс, ауданның тыс жерлерге кеткен Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектер туралы мәлімет сұратып отырады.

15. Дұрыс ресімделмеген құжаттар бойынша заңсыз әлеуметтік көмек төленіп кетсе, осыған кінәлі лауазымды адамдар заңмен белгіленген тәртіп бойынша жауап береді.

16. Төленген сомаларға бақылау ай сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің тиісті банкілік операцияларына лицензиясы бар мемлекеттік сатып алу туралы заңнамамен белгіленген тәртіпте анықталған мекеме және уәкіл органы арасындағы салыстырып тексеру актілері негізінде жүргізіледі.

17. Аудандық қаржы басқармасы әлеуметтік көмекке бюджет қаражатының дұрыс шығындалуына тексерулерді жүзеге асырады.